

**Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»**



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Күрішбаев

2025 ж.



**ПОСТДОКТОРАНТУРА
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

ҚазҰАЗУ Е 456


Келісімделді:

Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі

М. Алексеева

Құрастырған:

Ғылым департаментінің директоры


(қолы)
« 12 » 09 2025 ж.

А.Султанов

Магистратура және докторантура
Секторының меңгерушісі


(қолы)
« 12 » 09 2025 ж.

Ш.Капар

Келісілді:Басқарма Төрағасы-Ректордың
Бірінші орынбасары


(қолы)
« 12 » 09 2025 ж.

П.Ибрагимов

Персоналмен жұмыс және іс
қағаздарын жүргізу
басқармасының бастығы


(қолы)
« 12 » 09 2025 ж.

А.Оспанова

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы


(қолы)
« 12 » 09 2025 ж.

С.Ордабаева

Сапа менеджменті жүйесі
қызметінің жетекшісі


(қолы)
« 12 » 09 2025 ж.

А.Суиндикова

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Белгілер мен қысқартулар	5
4. Конкурс өткізу, постдокторантураға қабылдау және тіркеу тәртібі	5
5. Постдокторантура бағдарламасын өту тәртібі	7
6. Постдокторанттардың құқықтары	9
7. Жауапкершілік	9
Қосымша А Постдокторантура бағдарламасы бойынша конкурсқа катысуға үміткерлердің өтінім үлгісі	10
Қосымша Б Жоба жетекшісінің постдокторантура бағдарламасы бойынша конкурсқа өтінімі	11
Қосымша В Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары (ПЖЖЖ)	12
Қосымша Г Постдокторант қызметінің нәтижелілігін бағалау	13

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже Университеттің постдокторантура бағдарламасына қабылдау тәртібін реттейді, постдокторанттардың мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін, осы бағдарламаны университетте іске асыру тәртібін айқындайды.

1.2 Постдокторантураның мақсаты университеттің ғылыми-педагогикалық қызметінің деңгейін арттыру үшін жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау, университеттің ғылыми мектептерін құру (сабақтастығын қамтамасыз ету), перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін университетте талантты ғалымдарды тарту және бекіту, жас зерттеушілердің үлесін арттыру болып табылады.

1.3 Постдокторантура университет базасында зерттеуші орындайтын дербес ғылыми зерттеулер жүргізуге бағдарланған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және жас ғалымдардың кәсіби қалыптасу нысаны болып табылады. Ғылыми зерттеулер: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі-ҚР ҒЖБМ) «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру, бағдарламалық нысаналы қаржыландыру (БНК), ғылыми коммерцияландыру жобалары, халықаралық гранттар мен бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін.

1.4 Постдокторантура бағдарламасы келесі қызмет түрлерін қамтиды:

- постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысы;
- аралық және қорытынды аттестациялар.

1.5 Постдокторантура бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдастыру бірліктері – ғылыми зерттеулер жүргізіліп, әзірлемелер енгізілетін кафедралар, институттар және ғылыми-зерттеу зертханалары, өндірістік бірлестіктер (шаруа қожалықтары, биокомбинат, фабрикалар, зауыттар және т.б.). Постдокторантура бағдарламасының талаптарының орындалуын үйлестіруді және бақылауды Ғылым департаменті және постдокторанттардың ғылыми кеңесшілері жүзеге асырады.

1.6 Осы Ереже постдокторанттарды даярлауға бағытталған университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері (факультеттер, кафедралар, институттар, ғылыми бөлімшелер және т.б.) үшін міндетті.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңы;

- Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (2025 жылғы 16 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Оқу үдерісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (2025 жылғы 26 наурыздағы №134 өзгерістер мен толықтырулармен);

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші 2018 жылғы 13 қазандағы №569 (2023 жылғы 21 шілдедегі №327 өзгерістер мен толықтырулармен);

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы;

- «Диссертациялық Кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы (2025 жылғы 20 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен);

- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 17.06.2015 ж. №391 бұйрығы (2023 жылғы 20 қаңтардағы №22 бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (14.06.2024 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен);

- «ҚазҰАЗУ» КЕАҚ Академиялық саясаты.

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- постдокторант – постдокторантурада білім алатын тұлға;

- философия докторы (PhD) – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен диссертация қорғаған тұлғаға берілетін дәреже;

Ереже -	Постдокторантура туралы ереже
«ҚазҰАЗУ» КеАҚ	«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет)
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ҒЖБМ БҒССҚК	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
МДС	Магистратура және докторантура секторы
ҒТК	Ғылыми техникалық кеңес
ҰҒК	Ұлттық ғылыми кеңес

4. КОНКУРС ӨТКІЗУ, ПОСТДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

4.1 Постдокторантура бағдарламасына үміткер келесі критерийлерге сәйкес болуы тиіс:

- «Жас ғалым» жетекшісі немесе гранттық қаржыландыру, жас ғалымдар конкурсы жобасының, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру орындаушысы болып табылатын жоба;

- философия докторы (PhD) бойынша доктор немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) болуы не докторантура бағдарламасының толық курсын бітірген адам болуы;

- Университеттің қызмет бағытына сәйкес ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте тәжірибесі болуы;

- соңғы бес жылда Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index деректер базасында Web of Science және (немесе) Scopus CiteScore бойынша процентилі бар индекстелетін басылымда 35 %-дан төмен емес кемінде бір мақала және (немесе) шолу жариялаған болуы;

- ҚР ҒЖБМ БҒССҚК ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау үшін ұсынған отандық және (немесе) шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде екі мақала немесе шолу жариялаған болуы;

4.2 Конкурсқа қатысу үшін үміткер өтінімді (қосымша Б) растайтын құжаттармен (жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, ғылыми дәреже дипломының көшірмесі, ғылыми еңбектер тізімі және web of Science және Scopus-та индекстелетін журналдардағы жарияланымдардың көшірмелері, мотивациялық хат) толтыруы тиіс.

4.3 Іргелі және қолданбалы зерттеулер ҚазҰАЗУ-де іске асырылатын дайындықтың барлық бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

4.4 Конкурстық өтінім (қосымша Б) конкурсқа қатысу туралы өтініш, түйіндеме, постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасының жобасын, үміткерлерге жоғарыда көрсетілген талаптарды растайтын құжаттамасы бар портфолио (цитирования базасынан скриншоттар, шетелдік басылымдардағы жарияланымдардың көшірмелері және т.б.), ғылыми дәреже, PhD дәрежесін растайтын құжаттары, ғылыми еңбектер мен өнертабыстардың тізімі, үміткердің біліктілігін растайтын қосымша құжаттар, оның ішінде ұсыныс хаттар, алдыңғы жұмыс орындарындағы мінездемені қамтиды.

4.5 Үміткердің біліктілігін бағалау үшін Басқарма Төрағасы - Ректордың немесе университеттің өзге де уәкілетті тұлғасының бұйрығымен Конкурстық комиссия құрылады. Конкурстық комиссия келесі критерийлер негізінде постдокторантураға үміткерлерді іріктеуді жүргізеді:

- үміткердің конкурс талаптарына сәйкестігі;
- ғылыми жарияланым белсенділігі мен дәйексөзділік деңгейі;
- ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу дәрежесі;
- магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік ету немесе бірлескен жетекшілікте тәжірибесі;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудегі дербестік дәрежесі.

4.6 Постдокторантура бағдарламасына қабылдау және тіркеу осы Ережеге сәйкес университеттің Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен конкурстық тәртіппен жүзеге асырылады.

Постдокторантура бағдарламасына ғылыми қызметпен, жаңа ғылыми бағыттарды дамытумен белсенді айналысатын ғалымдар қабылдануы мүмкін.

Конкурс шеңберінде өтінімдері мақұлданған ғалымдар конкурстық комиссияның оң шешімі негізінде университет басшылығының бұйрығымен постдокторантураға қабылданады.

Постдокторантқа қабылданғаннан кейін еңбек және қаржылық қатынастарды көздейтін шарт жасалады.

4.7 Постдокторант шарт бойынша толық жұмыспен қамту режимінде ғылыми жоба бойынша жұмыс істеуге міндетті және оның негізінде ғылыми жоба іске асырылатын көлемі 0,25-тен аспайтын оқытушылық оқу жүктемесі беріледі.

4.8 Постдокторантура бағдарламасының ұзақтығы әдетте 3 (үш) жыл болатын орындалатын ғылыми жобаның ұзақтығына сәйкес келеді және ғылыми жобаның сәтті орындалуы және нәтижелерге қол жеткізу аяқтау болып саналады.

5. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫН ӨТУ ТӘРТІБІ

5.1 Ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін постдокторантқа мынадай ең төменгі талаптарға сәйкес келетін отандық және/немесе шетелдік кеңесші тағайындалады:

- қауымдастырылған профессор (доцент) немесе профессор ғылыми атағына немесе философия докторы (PhD) дәрежесіне немесе ғылыми дәрежесіне (ғылым докторы (кандидат) ие болуы қажет. Сонымен қатар, шетелде алынған дипломдардың эквиваленттілігін мойындау талап етілмейді;

- Университеттің қызмет бағытына сәйкес ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде он жыл тәжірибесі болуы қажет;

- соңғы бес жылда Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index деректер базасында Web of Science және (немесе) Scopus CiteScore бойынша процентилі бар индекстелетін басылымда 35 %-дан төмен емес кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу жариялаған болуы;

- ғылыми-зерттеу профильдері мамандықтары үшін Хирша индексі кемінде үш болуы тиіс;

- ҚР ҒЖБМ БҒССҚК ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау үшін ұсынған отандық және (немесе) шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде бес мақала немесе шолу жариялаған болуы керек.

5.2 Комиссияның оң қорытындысын алған үміткерге постдокторант мәртебесі беріледі және онымен 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде шарт жасалады және шарт негізінде постдокторанттың зерттеу бағдарламасын (қосымша В) орындауына жобаның мақсаттары мен міндеттерін, негізгі кезеңдерін, күнтізбелік кезеңдер, жарияланым белсенділігінің жоспары, ықтимал ғылыми тағылымдамалар, білім трансфері бойынша іс-шаралар және нәтижелерді енгізуді қамтитын постдокторанттың жеке жұмыс жоспары (бұдан әрі – ПЖЖЖ) қалыптастырылады. Бұл жоспарды жоба жетекшісі мен ғылым департаменті бекітеді және қызмет тиімділігін бақылау үшін негіз болады.

5.3 Ғылыми кеңесшіні тағайындау постдокторантураға қабылданған кезден бастап бір ай ішінде Басқарма Төрағасы - Ректордың немесе университеттің өзге де уәкілетті тұлғасының бұйрығымен бекітіледі. Ғылыми кеңесші постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасының орындалуын әзірлеуге, бекітуге және сүйемелдеуге қатысады.

5.4 Постдокторантура кезеңінде зерттеуші бекітілген тақырыпқа сәйкес дербес ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Жұмыс шеңберінде теориялық және колданбалы зерттеулер жүргізіледі, эмпирикалық деректерге талдау жүргізіледі,

Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын басылымдарда ғылыми мақалалар дайындалады және жарияланады. Сонымен қатар, постдокторант ғылыми конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға, сондай-ақ академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен тағылымдамаларға қатысады. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданбалы шешімдерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді, әдістемелік материалдарды, патенттерді және өзге де ғылыми өнімдерді жасауға болады.

5.5 Постдокторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін аралық және қорытынды аттестаттау жыл сайын Ғылым департаменті өкілінің міндетті қатысуымен тиісті құрылымдық бөлімшелердің отырыстарында өткізіледі. Есепті кезең аяқталғаннан кейін постдокторант жүргізілген зерттеулердің сипаттамасын, қол жеткізілген нәтижелерді, сондай-ақ импакт-факторы бар басылымдардағы жарияланымдар тізбесін қамтитын орындалған ғылыми жұмыс туралы есепті ұсынады (Қосымша Г).

Жариялау белсенділігіне қойылатын ең төменгі талап Web of Science деректері бойынша кемінде үшінші квартильге кіретін немесе Scopus базасында бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша Citescore процентілі 35%-дан төмен емес рецензияланатын ғылыми журналдарда жылына кемінде екі мақаланы құрайды.

5.6 Постдокторантураның зерттеу бағдарламасынан өту мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліне есептеледі.

5.7 Осы Ережеге сәйкес постдокторанттың жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасының орындалуын бағалау нәтижелері негізінде Ғылым департаменті постдокторантурадан өтуді жалғастыру немесе ұзу туралы ұсыныс шығарады.

5.8 Постдокторант жыл сайын Академиялық аттестациядан өтуі қажет, сондай – ақ Ғылым департаментіне зерттеулердің орындалуы туралы растайтын құжатпен орындалған жеке ғылыми-зерттеу бағдарламасы туралы қосымшасы бар жазбаша есеп беруге міндетті.

5.9 Университет постдокторантпен бірлесіп бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту бойынша 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 630, сондай-ақ шарт талаптарымен есепке алу мен есептілікті жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс

5.10 "Жас ғалым" бағдарламасын гранттық қаржыландыру шеңберінде жобаның жетекшісі болып табылатын постдокторант конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулер жүргізуге байланысты шығыстарға бөлінген қаржы қаражатын бөлуді жүзеге асырады.

Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаны орындаушы постдокторант (зерттеу тобының қатысушысы) болып табылады.

Постдокторант өтінімде және шарттың күнтізбелік жоспарында көрсетілген жобаның қойылған мақсаттарына, міндеттері мен нәтижелеріне қол жеткізбеген жағдайда, ҰҒК шешімі бойынша постдокторант ғылыми жетекші немесе ҚазҰАЗУ Е 456 Постдокторантура туралы ереже

постдокторант (орындаушы) ретінде Ғылым комитеті жариялайтын барлық кейінгі конкурстарға қатысудан нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін, яғни 3 жылдан көп емес уақытқа шеттетіледі.

5.11 Ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған бірлескен авторлық, қайталану, басқалардың деректерін беру, ғылыми деректерді ойдан шығару және бұрмалау және т.б.) не жоба бойынша аралық немесе қорытынды аттестаттауды (есептерді) мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда – ҰҒК шешімімен постдокторант ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті жариялаған барлық келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

5.12 Постдокторант жобаны іске асырудан бас тартқан жағдайда, ол ғылыми жетекші ретінде Ғылым комитеті жариялаған келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі, сондай-ақ университеттің постдокторанттары қатарынан шығарылады.

5.13 Постдокторантура бағдарламасын өту тәртібі «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурстың құжаттамасына сәйкес іске асырылады.

5.14 Постдокторлық бағдарламаның аяқталуының негізгі критерийі постдокторанттың жеке жоспарына сәйкес орындалған ғылыми жарияланымдардың болуы болып табылады. Бағдарлама аяқталғаннан кейін постдокторант қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің, жарияланымдардың, іске асырылған іс-шаралардың тізбесін, сондай-ақ жеке жоспардың орындалуын растауды қамтитын қорытынды есепті ұсынады.

5.15 Ғылыми - зерттеу бағдарламасын орындамау немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу себебінен постдокторантура құрамынан шығарылған жағдайда не өз бастамасы бойынша постдокторант постдокторантурада дайындауға жұмсалған қаражатты өтеуге міндетті.

6. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6.1 Постдокторант әртүрлі ғылыми-зерттеу жобаларын гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуға құқылы.

6.2 Жобаны орындау кезеңінде постдокторант зерттеу тобының қатысушысы ретінде гранттық және/немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың басқа жобаларын іске асыруға қатыса алады. Постдокторанттардың ғылыми жабдықтарды, зерттеуге арналған шығын материалдарын, кітапхананы, ақпараттық ресурстарды, университеттің ұйымдастыру техникасын пайдалануға құқығы бар.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1 Осы Ереженің талаптарын сақтау үшін постдокторанттың ғылыми кеңесшісі, кафедралардың, Департаменттердің, ғылыми-зерттеу институттар мен зертханаларының басшылары жалпы жауапкершілікте болады.

7.2 Осы Ереже талаптарының сақталуын бақылауды Ғылым департаментінің директоры және магистратура және докторантура секторының меңгерушісі жүзеге асырады.

7.3 Постдокторанттың осы ережеде көзделмеген өзге де құқықтары мен міндеттері шартпен реттеледі.

Постдокторантура бағдарламасы бойынша конкурсқа
қатысуға үміткерлердің өтінім үлгісі

1. Жалпы мәліметтер

1.1 Өтінім берілетін ғылыми-техникалық бағдарламаның/ғылыми жобаның атауы

1.2 Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты

1.3 Жұмыс орны және атқаратын лауазымы

2. Біліктілігі

2.1 Ғылыми дәрежесі, зерттеу саласы

2.2 Ғылыми атағы

2.3 Жалпы жұмыс өтілі

2.4 Ағылшын тілін білу деңгейі

3. Ғылыми бағыты

3.1 Докторлық диссертация тақырыбы

3.2 Қаржыландыру көзін көрсете отырып, соңғы 5 жылда орындалған ғылыми жобалар туралы мәліметтері

4. Ғылыми жетістіктері

4.1 Хирша Индексі

4.2 Соңғы 5 (бес) жылдағы кватильдер, процентильдер көрсетілген Web of Science, Scopus дерекқорынан шетелдік рецензияланатын журналдардағы жарияланымдар

4.3 Соңғы 5 (бес) жылдағы РФДИ, ҚР ҒЖБМ БҒССҚК басылымдары

4.4 Қорғау құжаттары (зияткерлік меншік объектілерін қорғау құжаттары)

4.5 Маңызды сыйлықтар, медальдар, дипломдар және т. б.

5. Ғылыми-техникалық бағдарламаның/ғылыми жобаның қажетті міндеттерін іске асыру жөніндегі жұмыстар жоспары

№	Жоба міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы	Ұзақтығы (ай есебінде)	Күтілетін нәтижелер

5.1 зерттеу жүргізу үшін қажетті мерзімдер

6. Байланыс деректері (телефон, электрондық мекенжай).

Үміткер _____ ТАӘ

Постдокторантураның зерттеу бағдарламалары бойынша конкурсқа қатысуға
ғылыми-техникалық бағдарламаға / ғылыми жобаға

жетекші өтінімі _____
ТАӘ

(бағдарлама / жоба атауы)

1. Ғылыми-техникалық бағдарламаның/ғылыми жобаның атауы

2. Ғылыми-техникалық бағдарлама/ғылыми жоба шеңберінде
постдокторанттың орындауына арналған міндеттер (ғылыми-техникалық
бағдарлама/ғылыми жоба, олардың іске асырылуы мен күтілетін нәтижелердің
қысқаша түсіндірмесі бар міндеттер тізбесі сипатталады).

3. Зерттеу саласы, қажетті кәсіби құзыреттер, ғылыми немесе практикалық
қызмет тәжірибесі, зерттеу әдістері мен құралдарын меңгеру және т.б. жетекшінің
постдокторантқа қойылатын талаптары)

4. Постдокторант үшін жұмыс шарттары (орындалу мерзімдерін көрсету, еңбек
жағдайлары, төлем мөлшері мен тәртібін, жабдықтардың болуын, жарияланымдар,
тағылымдамалар үшін мүмкіндіктерді және т. б.)

5. Ғылыми-техникалық бағдарлама/ғылыми жоба басшысының байланыс
деректері (Т.А.Ә., лауазымы, жұмыс орны, телефоны, электрондық поштасы)

Ғылыми-техникалық бағдарлама
/ғылыми жоба жетекшісі

_____ ТАӘ

Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары (ПЖЖЖ)

1.2 Постдокторантураның қаржыландыру көлемі құрайды: _____
(жазумен) теңге.

2. Біліктілік белгілері бойынша ғылыми-техникалық өнімнің сипаттамасы және экономикалық көрсеткіштері

2.1 Ғылыми қызметтің негізгі бағыты:

2.2 Нәтижелерді практикалық қолдану саласы:

2.3 Жобаны орындау жылдары бойынша күтілетін (жоспарланатын) түпкілікті нәтижелер:

- 20__ жылға:

- 20__ жылға:

- 20__ жылға:

2.4 Патенттеу әлеуеті (нәтижелердің патентке қабілеттілігі):

2.5 Ғылыми жаңалығы:

2.6 Алынған нәтижелерді пайдалануды Тапсырыс беруші постдокторантпен бірлесіп жоспарлайды.

2.7 Алынған ғылыми және (немесе) техникалық нәтижелерді қолданудың болжамды тәсілі:

Төсім:				
№	Жоба міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы	Жұмыстың басталуы және аяқталуы (күні / айы / жылы)		Күтілетін нәтижелер
		басталуы	аяқталуы	
20__ жыл				
1				
1.1				
1.2				
20__ жыл				
2				
2.1				

_____ ТАӘ

Постдокторант _____ ТАӘ

Постдокторант қызметінің нәтижелілігін бағалау

№	Көрсеткіштер атауы	Бағалау кезеңінде алынған нәтиже	Алынған балл
1	Web of Science және Scopus халықаралық дерекқорларында индекстелген басылымдар: - бірінші квартильде Q1 (WoS) - екінші квартильде Q2 (WoS) - үшінші квартильде Q3 (WoS) - 50-ден астам процентильмен (Scopus) - басқа шетелдік дерекқорларда (халықаралық конференциядан басқа)		
2	Одан әрі енгізу және коммерцияландыру мақсатында қорғау құжаттарын алуға өтінімдер: - халықаралық өтінімдер - отандық өтінімдер - алынған қорғау құжаты		
3	Постдокторанттың жетекшілігімен ғылыми зерттеулерге халықаралық гранттар және /немесе жасалған шарттар алу		
4	Қосымша жұмыстар жүргізу: ҚР ҒЖБМ БҒССҚК ұсынған журналдардағы жарияланымдар; - БАҚ-тағы (әлеуметтік желілердегі) имидждік жарияланымдар; - халықаралық конференцияларға қатысу		